

Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күші жойған

Қарағанды облысы Абай ауданының әкімінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 01 шешімі. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының әкімінің 2024 жылғы 27 ақпандағы № 02 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының әкімінің 27.02.2024 № 02 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушысының 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" бұйрығына сәйкес ШЕШТІМ:

1. Қарағанды облысы Абай ауданының Абай қаласында және Құрма ауылдық округінде жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Абай ауданы әкімінің орынбасары Айдос Елеубекович Аскаров тағайындалсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 18 қарашадан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Абай ауданының әкімі

С. Оспанов